**Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 26 қаңтар N 123

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1-3-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 26 қаңтардағы
N 123 қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшілігі

**2002 жылға арналған**
**001 "Әкімшілік шығыстар"**
**республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**Паспорты**

1. Құны: 47154,0 мың теңге (қырық жеті миллион жүз елу төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 2737 Жарлығы ; " Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 1-30 баптары; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы мен мүшелерінің қызметін қамтамасыз ету туралы" 1996 жылғы 28 наурыздағы N 2920 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі

оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджеттің қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасын, мүшелерін және аппаратын ұстау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасына, мүшелеріне және аппаратына жүктелген міндеттердің мейлінше тиімді орындалуы үшін отын қызметін қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N | Бағдар. коды | Кіші бағ. дар. лама | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі шаралар коды | Іске асыру мерзі. мі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | Әкімшілік шығыстар. | | | |
| | | 001 | Орталық орган аппараты | Бекітілген лимит саны шегінде 29 бірліктен тұратын ҚР Конституциялық Кеңесінің Төрағасын, мүшелерін және аппаратын ұстау | Жыл бойы | ҚР Конституциялық Кеңесі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Аппаратқа жүктелген міндеттердің сапалы және уақтылы орындалуы, ҚР Конституциялық Кеңесінің үздіксіз жұмыс істеуі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 26 қаңтардағы
N 123 қаулысына
2-қосымша

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшілігі

**2002 жылға арналған**
**500 "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне ақпараттық-есептеу қызметін көрсету" республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1228 мың теңге (бір миллион екі жүз жиырма сегіз мың теңге). <*>

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.11. N 123а қаулысымен .

2. Нормативтік-құқықтық негіз: Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы мен мүшелерінің қызметін қамтамасыз ету туралы" 1996 жылғы 28 наурыздағы N 2920 Жарлығы . Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсарту, төрешілдікке қарсы күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: ҚР Конституциялық Кеңесінде пайдаланылатын есептеу техникасына қызмет көрсетуді қамтамасыз ету мемлекеттік органдардың интеграцияланған ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесіне ену.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ҚР Конституциялық Кеңесіне ақпараттық-техникалық қызмет көрсету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдар. коды | Кіші бағдар. лама | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 500 | | ҚР Конституциялық Кеңесіне ақпараттық-есептеу қызметін көрсету | Электрондық пошта және Интернет бойынша қызметтер. Бөліп берілген желі бойынша ұйымдастыру техникасына техникалық қызмет көрсету. Газетте компьютерлік және желілік жабдықтарды мемлекеттік сатып алу жөнінде тендер өткізу туралы хабар. | Бір жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі |

ландыру жариялау. <*> ---------------------------------------------------- - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - -

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.11. N 123а қаулысымен .

7. Орындаудан күтілетін нәтижелер: Конституциялық Кеңестің ақпараттық инфрақұрылымының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Жеке компьютерлерді, локальді есептеу желісі мен оның құрамдас бөліктерін (серверді, желілік коммутаторды және кабельдік жүйені), сондай-ақ ұйымдастыру техникасын техникалық жарамды қалыпта ұстау, мемлекеттік органдардың интеграцияланған ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесіне ену.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 26 қаңтардағы
N 123 қаулысына
3-қосымша

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшілігі

**2002 жылға арналған**
**600 "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесін есептеу және ұйымдастыру техникасымен қамтамасыз ету" бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 7961 мың теңге (жеті миллион тоғыз жүз алпыс бір мың теңге).

2. Нормативтік-құқықтық негіз: Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы мен мүшелерінің қызметін қамтамасыз ету туралы" 1996 жылғы 28 наурыздағы N 2920 Жарлығы . Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсарту, төрешілдікке қарсы күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қызметін материалдық-техникалық және бағдарламалық жағынан қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері - есептеу және ұйымдастыру техникасымен қамтамасыз ету, ақпараттық жүйе құру, жұмыс орындарын автоматтандыру, локалді жүйе құру. Мемлекеттік органдардың интеграцияланған ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесіне бірдей ену.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдар. коды | Кіші бағ. дар. лама | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі шаралар коды | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 600 | | ҚР Конституциялық Кеңесін есептеу және ұйымдастыру техникасымен қамтамасыз ету | 1 сервер, 18 компьютер, 1 сканер, 15 принтер, 28 үздіксіз қуаттандыру көзін, 1 ксерокс, 1 - HUB 24 port, 5-санаттағы кабель - 1400 м, патчкорд (3 метрлік), RJ-45 ұштықтары - 10 дана, кабельдік қораптар - 200 м, 40 - 90 градустық бұрыштар, 21 розетка, 50 дана RG-45 коннекторын сатып алу. Желілер, қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету сатып алу: сканер үшін - мәтін тануға - 1,28 пайдаланушыға арналған вирусқа қарсы бағдарламалық қамтамасыз ету - 1. Жергілікті желі құру. <*> | 2002 жыл наурыз-мау. | Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі |

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.11. N 123а қаулысымен .

7. Орындаудан күтілетін нәтижелер: Конституциялық Кеңестің аппаратын есептеу және ұйымдастыру техникасымен толық қамтамасыз ету. Жұмыс орындарын автоматтандыру және кеңейту, локалдік жүйе құру. Ақпаратты рұқсатсыз пайдаланудан , сондай-ақ зиянды бағдарламалардың ("вирустардың") әсерінен қорғауды қамтамасыз ету. Мемлекеттік органдардың интеграцияланған ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесіне ену.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК